



Бекітемін
«Айналайын» бебекжайы
директоры *Г.Айкешова* Г.Айкешова
«01» 06 2023ж

**2023-2024 оқу жылына арналған
«Ұлттық ойындар» үйірмесінің
жылдық жоспары**

Дене шынықтыру нұсқаушысы:
Г.Намазбаева

с.Сайын Шапагатов
2023ж

Үйірме атавы «Ұлттық ойындар»

Тұсінік хат

Бағдарлама бөбекжайға арналған 36 сағатқа есептелген, аптасына 1 сағаттан «Ұлттық ойындар» үйірме бағдарламасы балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыра отырып, арнайы денені дамытатын жаттығулар үлкен мүмкіндік береді.

Мақсаты: Әрбір ұлттық ойын балалардың бойындағы бір қасиетін дамытуға көмегін тігізеді. Олар: аяқ- қолдардың күші болуы, шашшандық, алғырлық, табандылық, күштілік, батылдық, ұжымшылдық, қайраттылық т.б адам бойындағы қасиеттердің көбі жас бала бойына ойын арқылы сіңеді. Халық арасында ұлт мәдениетінің бір саласы ретінде қалыптасқан ұлттық ойындар әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты өзгеріп, дамып, жетіліп отырған. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан – жақты тәрбиелейміз. Денсаулықты нығайтумен қатар балалардың қазақтың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дene жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу- ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дene тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қалыптастыру.

Міндеттері:

- Дене тәрбиесі саласы бойынша балалардың өмірлік маңызы бар білімге ие болуын қамтамасыз ету;
- Ұлттық ойындарды үйрете отырып, жұмыс қабілеттілігін арттыру аясында балалардың денсаулығын нығайту;
- Балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру;
- Ұлттық ойынға деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру;
- Жарыстар өткізу, ұйымдастыру дағыларын қалыптастыру.

«Айналайын» бөбекжайы» топтарына арналған

Үйірме жоспары.

Ұлттық ойындар

баланың жан – жақты дамуын , қымыл-қозғалысы, ептілік қабілеттер жетілдіру.

Үйірменің мазмұны мен құрылымы

(барлығы 36 сағат, аптасына 1 рег)

Қыркүйек айы

№	Апталық тақырыптар	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
1	I-апта «Көтеріспек»	<p>Балаларды ұлттық ойынмен таныстыру.</p> <p>Ойын барысын түсіндіру. Шыдамдылыққа, тәзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Белгі бойынша кім бірінші бірін арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.</p> <p>Женіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сыйнасады.</p>	1	1.09.23.
2	II-апта «Орамал тастамак»	<p>Балаларды ойын барысымен таныстыру.</p> <p>Эстетикалық мәдениетін дамыту. Еңбеккорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Балалар шенбер жасап тұрады. Бастаушы балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек.</p> <p>Балалар шенбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.</p>	1	8.09.23
3	III-апта «Көтеріспек» (қайталау)	<p>Балаларды ұлттық ойынмен таныстыру.</p> <p>Ойын барысын түсіндіру. Шыдамдылыққа, тәзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне</p>	1	15.09.23

		<p>арқаларын беріп тұрады.</p> <p>Ойын шарттараты</p> <p>Белгі бойынша кім бірінші бірін арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетедің.</p> <p>Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сыннасады.</p>		
4	IV-апта «Орамал тастамак» (қайталау)	<p>Балаларды ойын барысымен таныстыру.</p> <p>Эстетикалық мәдениеттің дамыту. Еңбеккорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарттараты</p> <p>Балалар шенбер жасап тұрады. Бастаушы балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артамда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек.</p> <p>Балалар шенбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.</p>	1	22.09.23
Ойын-сауық «Көнілді старт»		<p>Мақсаты: Балаларға денені шынықтырудың пайдасын, адамның дені сау, сергек болуына көмектесетінін түсіндіру. Балалардың көтеріңкі көңіл-куйде болуын қалыптастыру, шынықтыру жаттығуларына, сайыстың шарттарына деген қызығушылықтарын арттыру.</p>		

Қазан айы

№	Сабактың тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
5	I-апта «Кыз –куу»	<p>Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру. Қазақ халқының ойынын ары қарай жетілдіріп дамыту. Икемділікке, шапшандылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды(агаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.</p>	1	20.09.22
6	II-апта «Соқыр теке»	<p>Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру. Сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін дамыту. Сезімталдыққа, төрт түлік малға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.</p> <p>Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ Қайда кеткен құлышншақ Соқыртеке бақ-бақ Мені ізден тап-тап Деп тақпақтайды. Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп тұртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады.</p>	1	6.10.22
7	III-апта «Кыз –куу» (қайталау)	<p>Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру. Қазақ халқының ойынын ары қарай жетілдіріп дамыту. Икемділікке, шапшандылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды(агаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.</p>	1	13.10.22

8	IV-апта «Соқыр теке» (кайталау)	<p>Балаларды ұлттық ойын түрімен таныстыру. Сөздік қорларын, ойлау қабілеттерін дамыту. Сезімталдыққа, төрт тулік малға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.</p> <p>Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ Қайда кеткен құлышшак Соқыртеке бақ-бақ Мені ізден тап-тап Деп тақпактайды.</p> <p>Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды куалайды немесе балалар оның жанына келіп тұртіп қашады.</p> <p>Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады</p>	1	<i>20.10.23</i>
---	--	---	---	-----------------

Қараша айы

№	Сабактың тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
9	I-апта «Сақина жасыру»	<p>Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру.</p> <p>Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту.</p> <p>Қызығушылықтарын арттыру. Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Ойынды өткізуши және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алакандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алаканына салысымен, ол бала алаканын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алаканына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде?»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.</p>	1	27.10.23
10	II-апта «Асық тасу»	<p>Балаларды асық ойынының бір түрімен таныстыру.</p> <p>Ептіліктерін, ойынға қызығушылықтарын дамыту.</p> <p>Ұжымшылдыққа тәрбиелу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Ойынға балалар екі топқа бөлініп, әр топта 5-6 баладан болады. Ойынды далада, спорт залында, бөлмеде өткізуге болады. Екі шенбер сыйылыш, сол шенбер ішінде асықтар қойылады. Екі топ белгі бойынша шенбер ішіндегі асықтарды бір-бірлеп әкелулері тиіс. Қай топ көп асық жинаса сол топ женімпаз болады.</p>	1	3.11.23
11	III-апта «Ат жарыс»	<p>Балаларға қазақ халқының әдет-ғұрыпымен, салт-дәстүрімен таныстыра отырып, ұлттық ойын түрімен танысу. Эстетикалық мәдениетін дамыту.</p> <p>Еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Екі командаға аттың кескін бетпердесі. Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады. Ойын шарты: Балалар нұсқауышының «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда</p>	1	10.11.23

		мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда женімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.		
12	IV-апта «Тенге ілу»	Ойын шарттары Ойынға қатысушылар тере - тең екі топқа бөлінеді. Әрқайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезінде басталатын жерге сыйық сыйылады. Одан әрі 20 - 30 метрдей жерден терендігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырга он - оннан тас салынады. Содан екі топтан екі сайыскер шығады, сыйыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушиның белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырга жетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алыш, әрі қарай шауып кете береді, шұңқыр тұсына бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңіске жетеді.	1	17.11.23
Ойын сауық «Ұлттық ойындар»		Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен ойнатқа отырып, жан – жақты тәрбиелейміз. Денсаулықты нығайтумен қатар балалардың қазақтың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дene жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу- ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дene тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қалыптастыру.		

Желтоқсан айы

№	Сабактың тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
13	I-апта «Ат жарыс» (қайталау)	<p>Балаларға қазақ халқының әдеб-ғүрпімен, салт-дәстүрімен таныстыра отырып, ұлттық ойын түрімен танысу. Эстетикалық мәдениетін дамыту.</p> <p>Еңбеккорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Екі командаға аттың кескін бетпердесі. Бұл ойын екі командаға бөлініп ойналады. Ойын шарты: Балалар нұсқауышының «Алға»-деген белгісі бойынша, ат үстіндегі қимылын салып жарысады. Қай команда мәреге тез жетіп бітіреді. Сол команда жеңімпаз болады. Ат кескін бет пердесін тақымға қысып мәреге шауып жету.</p>	1	24. 10. 23
14	II-апта «Тенге ілу» (қайталау)	<p>Ойын шарттары</p> <p>Ойынға қатысушылар тере - тен екі топқа бөлінеді. Әрқайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезінде басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20 - 30 метрдей жерден терендігі бір қарыстай екі шұнқыр қазылады. Шұнқырға он - оннан тас салынады. Содан екі топтан екі сайыскер шығады, сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастауышының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлті шұнқырға жетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алыш, әрі қарай шауып кете береді, шұнқыр тұсына бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңіске жетеді.</p>	1	1. 12. 23
15	III-апта «Арқан тарту» (қайталау)	<p>Балаларға қазақ халқының әдеб-ғүрпімен, салт-дәстүрімен таныстыра отырып, ұлттық ойын түрімен танысу. Эстетикалық мәдениетін дамыту.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Еңбеккорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алыш, келсе сол топ жеңіске жетеді</p>	1	8. 12. 23

		Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса ,құламаған бала женіске жетеді.		
16	IV-апта «Хан алшы»	<p>Балаларды асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру. Асық түстерін атау. Ептілікке, мергендікке баулу. Ұлтжандыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздел құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк,шік,тайқы-қалыптарымен түссе,бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса,онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең сонында хан асығы кімнің қасында қалса,сол бала женіске жетеді. Келесі ойынды женіске жеткен бала жалғастырады.</p>	1	22. 12. 25

Қантар айы

№	Сабактың ырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
17	I-апта «Арқан тарту»	<p>Балаларға қазақ халқының әдет-ғұрышымен, салт-дәстүрімен таныстыра отырып, ұлттық ойын түрімен танысу. Эстетикалық мәдениетін дамыту.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Еңбеккорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады Қай топ арқанды өз жағына тартып, алыш келсе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.</p>	1	29.02.22
18	II-апта «Хан алшы»	<p>Балаларды асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру. Асық түстерін атау. Ептілікке, мергендікке баулу. Ұлтжандыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық «хан» асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүкшік, тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді. Егер бастаушы асықтарды қолымен құлатып алса немесе басқа асықтарымен атса, онда ойынды келесі бала жалғастырады. Ең соңында хан асығы кімнің қасында қалса, сол бала жеңіске жетеді. Келесі ойынды жеңіске жеткен бала жалғастырады.</p>	1	5.01.24

19	III-апта «Сақина жасыру» (bайталау)	<p>Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту. Қызығушылықтарын арттыру. Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Ойынды өткізуши және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастауыш жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастауыш бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде?»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.</p>	1	12.01.24
20	IV-апта «Асық тасу» (bайталау)	<p>Балаларды асық ойынының бір түрімен таныстыру. Ептіліктерін, ойынға қызығушылықтарын дамыту. Ұжымшылдыққа тәрбиелу.</p> <p>Ойын шарттары</p> <p>Ойынға балалар екі топқа бөлініп, әр топта 5-6 баладан болады. Ойынды далада, спорт залында, бөлмеде өткізуге болады. Екі шеңбер сзызылып, сол шеңбер ішіне асықтар қойылады. Екі топ белгі бойынша шеңбер ішіндегі асықтарды бір-бірлеп әкелулері тиіс. Қай топ көп асық жинаса сол топ женімпаз болады.</p>	1	19.01.24
	Ойын сауық «Ғажайып доптар»	<p>Мақсаты: Балалардың денсаулығын белсенділігін нығайту, ептіліктерін, шапшаңдықтарын, батылдықтарын, күштіліктерін байқау. Доптармен түрлі жаттығулар орындалап қызығушылықтарын арттыру.</p>		

Ақпан айы

№	Сабактың тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
21	I-апта «Күйр-күйр күйрмаш»	<p>Балаларды саусақ аттарын атауға үйрету. Ойын ережесімен таныстыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Төрт түлікті қастерлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты. Күйр-күйр , күйрмаш Балапанға бидай шаш Эжең келсе есік аш Қасқыр келсе мықтап бас Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайты. Осыларды істеп бола беріп: Мына жерде қой бар Мына жерде жылқы бар Мына жерде жылқы бар Мына жерде тұлқі бар - деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайты</p>	1	26.01.24
22	II-апта «Күш сынаспақ»	<p>Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру. Дәстүрлік таным түйсігін дамыту. Ой-өрістерін жетілдіру. Ұлтжандыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты</p> <p>Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады.2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастьарын айқастырады.Кім білекті столға жықса сол бала женіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып, 2-ші білектен тартысып сынасуға да болады.Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.</p>	1	2.02.24
23	III-апта «Тауық күрес»	<p>Қазақтың ұлттық ойынымен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Шыдамдылыққа, тәзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты Балалар екі топқа бөлінеді.Осы екі топтан екі бала шығып ,кәдімгідей күреседі.Оның ең кызығыда,басқаша күрестен айырмасы да –тек жалғыз аяғымен ақсандай жүріп,иықтарын қағып</p>	1	9.02.24

		күресуінде.Бұл күрес балалардың нық басып,орнықты жүруін жетілдіреді.Күрестің 1 аяғын тізесін бүгіп,мата белбеуін байларап тастайды.Қайсысы сүрініп жығылса ,сол ұтылады.		
24	IV-апта «Түйілген орамал»	Балаларды ұлттық ойын туралы түсінігінің болуы. Шапшандылықтарын арттыру, патриоттық сезімге тәрбиелу. Ойын шарты Ойын жүргізуінің ойынды өзі бастайды.Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды.Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады.Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды.Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қагып алған бала қаша жөнеледі.Осылайша ойын жүргізіледі,түйулі орамалды алғанша қуалай береді.Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуі ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шенбер жасап тұралы.	1	16.02.24.

Наурыз айы

№	Сабактың тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
25	I-апта «Күш сынаспақ» (қайталау)	<p>Қазақтың әдет-ғұрпымен таныстыру.</p> <p>Дәстүрлік таным түйсігін дамыту.</p> <p>Ой-өрістерін жетілдіру. Ұлтжандыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты</p> <p>Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек синасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп қол бастарап айқынрады. Кім білекті столға жықса сол бала женіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып, 2-ші білектен тартысып синасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.</p>	1	23.02.24
26	II-апта «Тауық курес» (қайталау)	<p>Қазақтың ұлттық ойынымен таныстыру.</p> <p>Ойын барысын түсіндіру.</p> <p>Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да –тек жалғыз аяғымен ақсандай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін жетілдіреді. Күрестің 1 аяғын тізесін бүтіп, мата белбеуін байлап тастайды. Қайсысы сүрініп жығылса, сол ұтылады.</p>	1	1.03.24
27	III-апта «Сиқырлы таяқ»	<p>Балаларды ұлттық спорт ойынымен таныстыру.</p> <p>Балалардың күштерін синау.</p> <p>Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.</p> <p>Салауатты өмір сұруге тәрбиелеу.</p> <p>Балалар екі топқа бөлінеді. Эр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сыйық сыйылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.</p> <p>Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына үпай әкеледі.</p>	1	15.03.24

28	IV-апта «Қаралып, қаралып»	<p>Балаларды ұлттық ойынымен таныстырыу.</p> <p>Дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттырыу.</p> <p>Тәртіптілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге тоptалып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрган жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылар қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі.</p> <p>Таяп келіп, мынау кім? – деп бір-бірінен сұrasады. Біреуі ойбай бұл қаралып, қаралып! – деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қаралып, қаралып! – деп бытырай қашады. Қаралып біреуін ұсташа үшін тұра куады. Ұсталған бала қаралып болып, ойын әрі қарай жалғасады</p>	1	29.03.24
Ойын сауық «Ханталапай»		<p>Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары туралы, олардың маңызы жайлыш мәғлумат беру. Ата – бабамыздың ертеден келе жатқан салт – дәстүрін дәріптеу. Ұлттық ойындар арқылы балалардың логикалық ойлау, тапқырлық, ептілік, қабілеттерін дамытуға ықпал ету.</p>		

Сәуір айы

№	Сабактың тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
29	I-апта «Күйр-күйр күйрмаш» (қайталау)	<p>Балаларды саусақ аттарын атауға үйрету. Ойын ережесімен таныстыру. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Төрт түлікті қастерлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты. Күйр-күйр , күйрмаш Балапанға бидай шаш Әжең келсе есік аш Қасқыр келсе мықтап бас Шынашақты шыр айналдырып, баланың алаканын қытықтайты. Осыларды істеп бола беріп: Мына жерде қой бар Мына жерде жылқы бар Мына жерде жылқы бар Мына жерде тұлқі бар - деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәлғана қытық-қытық! Қытықтайты</p>	1	5.04.24.
30	II-апта «Түйілген орамал» (қайталау)	<p>Балаларды ұлттық ойын туралы түсінігінің болуы. Шапшандылықтарын арттыру, сөздік қорларын дамыту.</p> <p>Патриоттық сезімге тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйгарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы.</p>	1	12.04.24
31	III-апта	Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру. Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту. Қызығушылықтарын арттыру.	1	19.04.24.

	«Алақан сокпақ»	<p>Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелу.</p> <p>Ойын шарты Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да дөңгелене отырады. Орталарынан бастаушы белгілейді. Оған сұлғі (орамал) беріледі. Бастаушы шенбер ішін айнала жүріп біреуге – «Алақанды тос!» -дейді. Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сұлғіні тигізіп-Сұлғі қайда?-деп сұрайды. Сонда ойыншы «канада» -деп бір баланың атын атайды. Аты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады. Бастаушы-сұлғі қайда?-деп атын айтады. Ойын осы ретпен жалғаса береді. Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды.</p>		26.04.24
32	IV-апта «Белбеу сок»	<p>Балаларға ойын түрімен таныстыру.</p> <p>Ұлттық ойындардың сан түрлігін айту.</p> <p>Шапшандылықтарын, ептіліктерін дамыту.</p> <p>Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелу.</p> <p>Ойын шарты Ойыншылар екі-екіден жұптасып шенбер жасап тұрады. Бір белбеуді алып екіншісін кууға тиіс. Қашып жүрген бала шенбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады. Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі. Ойыншы оны құып жетіп белбеумен соғады да, өзі де бір жұптың алдына тұра қалады. Оның орнына келесі ойыншы шығып, ойынды жалғастыра береді. Белбеу ең соңында кімде қалса сол ойыншы женіліске ұшырайды да өз енерін көрсетеді.</p>	1	3.05.24

Мамыр айы

№	Сабактың тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Уақыты
33	I-апта «Сиқырлы таяқ» (қайталау)	<p>Балаларды ұлттық спорт ойынымен таныстыру.</p> <p>Балалардың күштерін сынау.</p> <p>Спортқа деген қызығушылықтарын дамыту.</p> <p>Салауатты өмір сүрге тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Эр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сзық сзылады.</p> <p>Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады.</p> <p>Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.</p>	1	10. 05. 24
34	II-апта «Қара күлак» (қайталау)	<p>Балаларды ұлттық ойынымен таныстыру.</p> <p>Дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Тәртіптілікке, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты Ойынға 5-10 бала қатысады. Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді. Қазық тұрган жерінде қозғалмай тұрады. Басқалары әрі кетеді. Содан кейін ойынға қатысушылап қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай туседі.</p> <p>Таяп келіп мынау кім? – деп бір-бірінен сұрасады. Біреуі ойбай бұл қаракүлак қой! – деп қаша жөнеледі. Қалғандары да – қаракүлак, қара күлак! – деп быттырай қашады. Қаракүлак біреуін ұстай үшін тұра қуады. Ұсталған бала қаракүлак болып, ойын әрі қарай жалғасады</p>	1	17. 05. 24
35	III-апта «Сақина жасыру»	<p>Балаларды аз қимылды ойын түрімен таныстыру.</p> <p>Ойын барысын түсіндіру. Сөздік қорын дамыту.</p> <p>Қызығушылықтарын арттыру. Ұлттық ойынды қастерлеуге тәрбиелеу.</p>	1	24. 05. 24

		<p>Ойын шарттары Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салсысмен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланын алақанына сақина салсысмен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын аудыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.</p>		31.05.24
36	IV-апта «Хан талапай»	<p>Асық түрлерімен, асық атауларын таныстыру. Асық түстерін атав. Ептілікке, мергендікке баулу. Ұлтжандыққа тәрбиелу.</p> <p>Ойын шарттары Бұл отырып ойналатын, негізінен қыз балаларға арналған ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдал алынады. Он бірінші асықтардан ерекше өзге түске (қызыл, не кек) боялған болуы шарт бір-бірден асық үйірусіудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уытай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі керек. Қалған ойыншылар аңдысын аңдал аудып өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі, хан алышы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады. Хан алышы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алышысмен-алышысын тәйкесімен мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинаиды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе, немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Оnda кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинаиды. Межелі ұпай санын (100 не 50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруга, орыннан қозғап түзетуге бол майды. Ойынның сонына дейін ханға бірде - бір асық тимеуі керек. Себебі ол –хан.</p>	1	

Әдіскер:

Дене шынықтыру жетекшісі:

Н.Денбаева

Г.Намазбаева